

Алға ауданы бойынша жануарлар мен құстардың жемдерін сатуды және үй жануарларын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 қазандағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 16 қарашада № 3-3-91 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 64 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 64 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100 «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36-бабы 1, 6-тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданы бойынша жануарлар мен құстардың жемдерін сатуды және үй жануарларын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-57 тіркелген, 2008 жылғы 15 шілдедегі «Жұлдыз-Звезда» газетінің № 29 жарияланған аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 26 маусымдағы № 5 «Үй жануарларын жаюға қызмет көрсететін және жем-шөп сататын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың құнын бекіту туралы» шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қалалық, селолық, ауылдық округ әкімдеріне және Алға ауданы бойынша салық басқармасының бастығы Т.Аққожинге жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының
төрағасы, мәслихат хатшысы: *А.Кайрушев*

Алға	аудандық	мәслихаттың	2009	жылдың
20	қазанындағы	кезектен	тыс	XXI

№ 1 қосымша

Алға ауданы бойынша жануарлар мен құстардың жемдерін сату үшін бір жолғы талондардың құны.

	Округ	Жем шөп түрі	Бір күнгі талон құны (теңге) (Бір машина немесе трактор арбасы)
1.	Қала, село	Буылған шөп	300
		Бос шөп	300
		Арпа	360
		Жем жармасы	400

Алға аудандық мәслихаттың 2009 жылдың
20 қазанындағы кезектен тыс ХХІ
сессиясының № 3 шешіміне
№ 2 қосымша

Үй жануарларын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны.

№		Жануарлар түрі	Бақташыға берілген саны	бағуға жануарлар	Бір күнгі бір талон құны (теңге)
1	Қала	Ірі кара	100 дейін		25
2	Қала	Ірі кара	200 дейін		50
3	Қала	Ірі кара	200 ден жоғары		80
1	Ауыл	Ірі кара	100 дейін		20
2	Ауыл	Ірі кара	200 дейін		40
3	Ауыл	Ірі кара	200 ден жоғары		60
1	Қала	Ұсақ мал	100 дейін		10
2	Қала	Ұсақ мал	100 ден жоғары		20
1	Ауыл	Ұсақ мал	100 дейін		5
2	Ауыл	Ұсақ мал	100 ден жоғары		10